

Ж

АЯУ

М

УСА

*Жаяу Мұса Байжанұлы*

# ӘН, КҮЙЛЕРІ

*Ноғаға түсірген Б. Ерзакович*

*Құрастырған М. Майчекин*

*Ә/ч ек.*

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1959

## АЛҒЫСӨЗ

Жаяу Мұса 1835 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы «Ақшоқы» деген жерде туған. Әкесі Байжан шағын дәулетті шаруа иесі ғана адам болған.

Жасынан сергек, сезімтал Жаяу Мұса оқып білім алуға, ән салып, серілік құруға талаптанады. Ауылда қазақша оқып, хат танығаннан кейін енді орысша оқып, білім алуды үлкен арман етеді. Баласының бұл игі талабына Байжан да қарсы тұрмайды. Бірақ та, қысқа жіп күрмеуіне келмей, баласын басқа жерге жіберіп оқытуға Байжанның мүмкіндігі болмайды.

Сөйтіп, ойлаған мақсатына жете алмай, жабырқап, көңілсіздеу жүрген кезінде талантты жастың тілегіне қарай, бір жылы ел аралаған қызылжарлық татар саудагері келеді. Татар саудагеріне жазданып Жаяу Мұса Қызылжар қаласына барады. Бір жағынан байға жұмыс істей жүріп, оқуға орналасады.

Біраз тұрып, қала халқымен танысқаннан кейін әуелден ойын-сауық, той-думанға үйір Жаяу Мұса жастар бас қосқан кештерде ән айтып, гармон тартуға әуестенеді. Оның осындай өнеріне сүйсінген үй иесі де онша ауыр іске қоспай, жеңіл-желпі жұмыстарға ғана пайдаланады. Мұсаны көрші-қоландары да, өзімен бірге оқып жүрген таныс замандастары да өз араларындағы ойын-сауықтарға жиі шақыратын болады. Аздан соң-ақ ел аузына ілініп, әнші Мұса атанады.

Жылдар өтті. Искусстволық адымын ең алғаш орындаушылық өнерден бастаған Жаяу Мұса енді өз ойынан ән шығару ісімен де шұғылданды. Оның бұл саладағы тырнақалдысы осы кезде ел аузында айтылып жүрген «Көк аршын» әні халыққа тез тарайды.

Жаяу Мұса Қызылжар қаласында үш жылдай оқығаннан кейін Омбыға барып, онда тағы да төрт жылдай орысша оқу оқиды. Бұл Жаяу Мұсаның жиырма жастағы ғана кезі еді.

Омбыда оқып жүріп, жазғы демалысқа еліне барған кездерінде ауыл адамдарынан аға сұлтан Мұсаның елге көрсеткен зорлық-зомбылығын естиді. Бұған Жаяу Мұса қатты қынжылады, халықтың жазықсыз жәбірленуіне жаны ашып, жауыздық іске жиіркене қарайды, оны әшкерелеу үшін Омбы газеттеріне бір-неше рет мақалалар жазады.

Бұрын алдынан шығар жан жоқ, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып мейманасы асқан сұлтанға Жаяу Мұсаның газет жүзінде жарияланған бұл сыны үлкен соққы болып тиеді. Сұлтан Мұса осыдан былай Жаяу Мұсаның соңына түседі. Бірақ, жігерлі жас оған ешбір жасымайды, қолындағы қаламын қа-

ру етіп, Шормановтардың озбырлық мінез-құлықтарын әшкерелейтін өткір тілді өлеңдер мен әсерлі әндер жаза бастайды.

Шорманов тұқымы соңынан қалмай, 1862 жылы 27 жасында Жаяу Мұсаны жала жауып, абақтыға қаматтырады. Сөйтіп, Мұса 12 жылға сотталып, Тобылға жер аударылады.

Жаяу Мұса Омбы түрмесінен Тобылға жөнелтіледі екен деген хабарды естіген жұрт оны көріп қайғысы келіп, көше бойы жолын тосады. Халықтың сүйікті әншісінің басына түскен бұл ауыр қайғыны көрген көпшіліктің қабырғасы қайысып, қатты қынжылады. Осы кезде аға сұлтан Мұса жиналған жұртты қак жара, Жаяу Мұсаға жақынырақ келіп тұрады да:

— Ей, қу кедей! Қолыңнан келмесі бар, несіне құр арам тер болдың? «Әлін білмес әлек» деген міне осы. Мен сияқты сұлтанға соқтығу сен сияқты зорлыққа оңай сауда еместігі енді есінде болсын. Ал, жылы орныңа бар да жат. Мұнан бұлай жолама менің жаныма,— деп тұтқын жанды тым қатты табалайды.

Айтқанына жетіп, әмірі орындалғанына соншалық масаттанған сұлтанның сөзіне орай Жаяу Мұса тілін тартпай, табанда өлеңмен жауап береді.

Мен айтсам, паранды айттым тілім ұзын,  
Татармын бұйырған жер дәмі-тұзын.  
Жылансың екі басты ел жалмаған,  
Қоймаймын неғылсаң да айтар сөзім.—

деп, жиын топтың алдында аға сұлтанның айыбын бетіне басады. Сонымен қатар:

Тобылға он екі жыл мен айдалдым,  
Артымда елі-жұртым бәрің қалдың.  
Сұлтанға еш жазығым жоқ-ақ еді,  
Жазықсыз жаза көріп, көп сандалдым.

Сәлем айт көп Қаржастың баласына,  
Кез болдым хан-сұлтанның жаласына,  
Шорманды кім өлтірді мен білмеймін,  
Сонда да менен құнын аласы ма? —

деп анталаған халыққа мұның шаға хош айтысады.

Жаяу Мұсаның жан тебрентерлік бұл бағалы сөздері жиналған жұрттың сай-сүйегін сырқыратады. Олар жазықсыз жанның тұтқыннан босап, тез оралуына тілектестік білдіреді, дуан басы сұлтанның сорақы қаталдығына қарғыс айтып тарасады.

Жаяу Мұса полицейскийдің айдауында айдан аса жаяу жүріп, Тобылға әрең жетеді.

Мұсаға «Жаяу» деген ат тағылуының себебі осында болса керек. Ал, біреулер дуан басы Шорманның Мұсасы Байжанның жалғыз атты жарлы Мұсасымен аттас болуға арланып, оған «жаяу» деген сөзді өзі қосыпты деседі. Бірақ Жаяу Мұсаның «Ақсиса» дейтін әнінде:

Шорманның Мұстафасы атымды алып,  
Атандым сол себептен Жаяу Мұса.—

деуіне карағанда, алғашқы айтылған сөздің дұрыстығы бар сияқты.

Жаяу Мұса Тобыл түрмесінде ұзақ уақыт жатып, қатты күйзеледі, сондықтан да жанындағы кейбір достарының кеңестері бойынша кесімді күндерінің қалғанын кең далада жүріп өтеуді ұнатады да, өз еркімен солдаттық қызметіне баруды сұрап жоғарғы орындарға арыз береді. Соның нәтижесінде ол 1869 жылы, 34 жасында Петербургке шақыртылып, солдаттық қызметіне алынады. Сол кезде литвалықтардың патшаға қарсы көтерілісін басу үшін жіберілгелі жатқан Черняев отрядына қосылады.

Литвалықтардың көтерілісін басқаннан кейін ол отряд Орта Азия елдерін аралап, Әулиеатаға келеді, мұнда да көтерілісшілерге қатты соққы беріп, қырғынға ұшыратады. Міне, осындай жайды көріп, жаны түршіккен Жаяу Мұса онан әрі бұл отрядпен бірге болғысы келмей, бір түнде қашып шығады. Арада айлап жүріп, жүдеп-жадап, туған жеріне келеді.

Жаяу Мұсаның елге келгендігін естіген Шормановтар оны тағы да қуғынға ұшыратпақ болады, қашқын деп елге лақап таратады.

Ұзақ уақыт тұтқында, еріксіз солдаттық қызметінде жүріп, жаңа ғана келген Жаяу Мұса сағынған ел-жұртының ішінде еркімен бой жазып жүре алмай, тағы да қашып-пысып, қатал жаудың қолына түспеуі камын қарастырады.

Бірақ арамза жау тіміскілеп қоймаған соң, алыстау жерге барып, бой тасалау үшін Ақмола жаққа қарай жол тартады. Барған бетте Жолаба Қыпшақ дейтін елді аралап, әр жерде қонақтайды да жүреді.

Жалғыз атты жолаушының мақсатсыз жай ғана жан емес екендігін аңғарған ауыл адамдары танысқандары келіп, жөн сұрастырғанда өзінің қандай жайда жүргендігін Жаяу Мұса да жасырмай айтып береді. Оның басынан кешірген хал-жағдайына толық түсінген жұрт «Бұтаға қорғалаған торғайдың да жаны қалады», енді еліне қайтпай-ақ, біздің ортамызда бол,— деп мейрімділік көрсетеді.

Осындай ел құрметіне бөленген Жаяу Мұса ән салып, өлең айтып, жүрген жерін ойын-сауыққа кенелдіреді. Бір күні сол елдегі Құлбай дейтін байдың үйіне келіп қонады. Құлбайдың баласы Сүйімбайдың Сапар дейтін қызымен танысып, соған үйленбек болады. Бірақ, қызы жақсы болғанмен Құлбайдың сарандығын ұнатпай, оны келемеждеп «Құлбай бай» деген күлдіргі ән шығарады. Бұл ән осы уақытқа дейін ескірмей ел аузында айтылып келеді.

Сапарға үйленіп, сол Құлбай аулында біраз тұрғаннан кейін Жаяу Мұса елінен бір көңілсіз хабар естиді.

Жаяу Мұсаны қолға түсіре алмаған Шормановтардың оған деген қастығы бұрынғыдан да күшейе түседі. Аулын ата қонысынан қыс ішінде көшіріп жіберіп, барлық жер-суын Жаяу Мұсамен ағайындас Поштаев Хұсайын дегенге алып береді.

Міне, осы хабарды естісімен хан-сұлтандардың мұндай айуандық әрекеттеріне қатты ызаланған Жаяу Мұса жоғарғы ұлықтарға арыз жазып, олардың жолсыздық жұмыстарын әшкерелейді. Сөйтіп, біраз айтыс-тартыстан кейін істің ақыры Жаяу Мұсаның пайдасына шешіледі де, бұрынғы ата қонысын айып-анжысымен қоса өзіне қайтарып алады.

Үш жүзге атым мәлім Жаяу Мұса,  
Көрермін жанның бәрі мендей туса.  
Аттыдан жаяу жүріп кек аламын,  
Жігіттер, шамаң келсе, маған ұса! —

дейтін әні осы кезде жарыққа шыққан көрінеді. Сондай-ақ Шормановтардың айдап салуымен өзінің төл мекенін тартып алып, аулын қатты күйзелушілікке ұшыратқан опасыз Хұсайын Поштаевқа:

Поштаев бір Айдабол баласы едік,  
Екеуміз бір қыстауға талас едік.  
Жыртысын Шормановтың жыртамын деп,  
Салдың ғой аулымызға мұнша бүлік. —

деп әділетсіздігін айтып, өлең шығарады.

Айтысқан жауын жеңіп, көңлі жайланған Жаяу Мұса Сапарды еліне алып келіп, ауыл ішінде ойын-сауығын өткізіп, серілік құру жолына түседі. Бірақ, бұл жағдай оның белгілі қас жауларына жақпайды, сондықтан ебін тауып, тағы да тұтқынға алдыру әрекетін жасайды. Ол үшін әр жерден андушылар қойып, қалайда қолға түсіру камын ойлайды.

Бір күні Жаяу Мұсаның өз аулында екенін анықтағаннан кейін Павлодардан бір топ солдаттар жібертіп, ұйқтап жатқан жерінде ұстатады, оның қол-аяғын байлап, оңаша үйге қамап тастайды да өздері қой сойдырып, ойын-сауық жасап, қаннен-қаперсіз отыра береді.

Осы кезде ауыл жігіттері Жаяу Мұсаның ақылмен әйелдерше киініп келеді де, қамсыз отырған солдаттардың қаруларын тартып алып, өздерін түп-түгел байлап салады.

Жандарынан шошынған солдаттар жалынып-жалпайып, өз бастарын әрең дегенде босатып алады да, алды-артына қарамастан қаша жөнеледі.

Алайда, істің ақыры насырға шабатынын білген Жаяу Мұса тыныш жата алмай, Шорман тұқымдарынан тасалана тұрғысы келеді.

Бірақ, қайда барарын білмейді. Бұрынғыдай ауыл маңындағы тоғай арасы пана болмайтынын сезеді.

Ақыры тәуекелге бел байлап, қашық жерге қоныс аудара тұруға бел байлайды.

Сөйтіп, алыс жолға сапар шеккен Жаяу Мұса Қазан қаласына барады. Онда татар халқының музыка мәдениетімен танысады, Қала халқымен біраз үйреніскеннен кейін ойын-сауықтарға қатысып, өзінің әншілік қабілетін танытады. Творчестволық еңбектерін көптің алдына тартады.

Осы кезде Жаяу Мұса:

Қыздары Қазан сипатын,  
Қызықтым сүйіп сымбатын.  
Көрдім талай арудың  
Жақсы, жаман келбетін.  
Алты ай тұрып Қазанда,  
Байқадым қыздар әлпетін.—

деп, Қазан қыздары атты күлдіргі ән шығарады.

Қазанда алты ай тұрып, ел-жұртын әбден сағынған Жаяу Мұса бұлайша қашып-пысып жүріп, бә-

сауғалағанша, елге барғаным жөн болар деген тоқтамға келеді.

Жаяу Мұса еліне келсе, аулы орнында жоқ, Шорман тұқымдары мал-мүліктерін талан-таражға салып, таратып алыпты, туған-туысқандарын тоз-тозғып жіберіпті.

Хан-сұлтандардың бұл зорлығы Жаяу Мұсаға бұрынғысынан да қаттырақ батады.

Қарсылық көрсетуге шамасы келмеген Жаяу Мұса жаяу-жалпылап жүріп, Омбыға барып, губернаторға шағым жасайды. Губернатор: Шормановтың жолсыздық ісіне тез тыйым салынсын, Жаяу Мұсаның ата қонысы, талауға түскен мал-мүлкі түгелдей өзіне қайтарылсын деп, Павлодар оязына қағаз жазып береді.

Бұл барған сапары сәтті болып, үлкен қуанышпен қайтқан Жаяу Мұса арада бірнеше күн жүріп, Павлодарға келеді де, оязға кіріп, губернатордың жазған бұйрығын ұсынады.

Бірақ ол тағы бір қолайсыздық жағдайға кездеседі. Ата жауы, аға сұлтан Мұсаның оязбен бірге отырғанын көріп, жүрегі қатты шошынады. Олар губернатордың бұйрығын оқып, екі жақтан зіркілдеп қоя береді. Неге өтірік арыз жазасың, деп жер-жеріне жетеді. Жаяу Мұса да олардан тілін тартпай, Мұсаның әділетсіздігін айтып, айыбын бетіне басады.

Омбыға шошынғаннан жаяу бардым,  
Арада күн-түн жүріп, шаршап талдым,  
Бұйрығын губернатор әкелсем де,  
Пәлеге ашылмастай енді қалдым. —

деп басталатын Жаяу Мұсаның бір өлеңі осы кезде жарыққа шыққан көрінеді.

Ояз Мұсаны жақтағысы келіп, қаншама жан таласқанмен де, губернатордың бұйрығын орындамай отыра алмайды. Жаяу Мұсаның арызында көрсетілген талаптары түгелімен жүзеге асады.

Алайда, Мұса Шорманов Жаяу Мұсаға деген қастық әрекетін үдете береді.

Бір жылы маңайдағы ауылдың шабындығын жеді деген жаламен Жаяу Мұсаның бір топ бұзауын қырғызып тастайды.

Бұл сияқты шектен асқан қаскүнемдікке арнап Жаяу Мұса мынадай өлең шығарады:

Ей, Мұса, мен не жаздым саған жарқын,  
Күшпенен тоздырдың ғой ауыл халқын.  
Бұзауын аулымның қырып салдың,  
Көрерсің не болғанын істің артын.

Мақтанба басыңдағы бағыңызға,  
Қартаймақ қиын болар тағыңызда.  
Сізге де сорлы болу қиын емес,  
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.

Бұдан біраз уақыт өткеннен кейін аға сұлтан Мұса атақты Арап ұрысы бастаған бір топ адамдарды жіберіп, Жаяу Мұса аулының тағы да барлық жылқысын айдатып алады.

Сөйтіп, Шорман балаларымен Жаяу Мұсаның арасындағы өшпенділік өрті өрши түседі.

Жаяу Мұса тағы да Омбы губернаторына арыз беріп, ұрланған жылқыларын орнына салдырады да, Арапты тұтқынға алдырады. Соның артынан көп кешікпей-ақ Мұса да аға сұлтандық қызметінен босатылады.

Алысқан жауын жеңіп, көңлі жайланған Жаяу Мұса да жанына өнерлі жігіт-желеңдерді жинап алады да, серілік құрып ел аралайды.

Жаяу Мұсаның ел арасында беделі артып, салдықпен еркін өмір жасай бастауын көре алмай, қатты күйінген Мұса оған соқтығу үшін сылтау тапқысы келеді. Сол мақсатпен оның қыран бүркітін сұратып кісі жібереді. Оған ызаланған Жаяу Мұса:

Ей, Мұса, құс сатпаймын дүние малға,  
Болсам да өзім кедей жүрмен жалға.  
Арам мал елден алған жиындыны  
Алмақ түгіл, ұстаман сірә қолға. —

деп хат жазады.

Жаяу Мұсаның бұл жауабы жанына мірдің оғындай қадалған ол не істерін білмей, іштең тынады. Бұрынғыдай айдатып, байлататын әкімшілік әмірі енді жүрмейтініне үлкен өкінеді.

Сөйтіп көрнеу күш жұмсау қолынан келе қоймаған соң, жасырын қастық жасау жолын қарастырады. Бір арамзаны ақшаға жалдап Жаяу Мұсаға у бергізеді. Бірақ, дер кезінде емделіп, ауруханада үш ай жатқаннан кейін Жаяу Мұса аман-есен жазылып шығады.

Бұл кезде Жаяу Мұсаның өнерпаздық даңқы өз ортасынан асып, көршілес отырған Қарқаралы, Көкшетау, Ақмола елдеріне түгел жайылады. Өйткені осы елдерді бір кездерде ол өзі де аралап, шарықтата ән салып, күмбірлете күй шерткен болатын.

Жаяу Мұса серілікпен ел аралап жүрген кезінде әйелі Сапар қатты аурып, 1895 жылы отыз жеті жасында қайтыс болады. Мұсаның Сапардан туған бір ұл, бір қызы нағашысының қолында жетім қалады.

Хан-сұлтандардан сокқы көріп, елге тұрақтай алмай, қашып-пысып жүргенде кездескен сүйікті жары Сапардың кенеттен қайтыс болуы Жаяу Мұсаның жанына қатты батады. Жанына жалғыз ұлы Салықты ертіп, Сапардың қабырының басына барады. Сол жерде отырып қайғылы көңіл күйін шерткендей болады.

Келдім, Сапар, басына,  
Жалғыз Салық қасымда.  
Көштің, Сапар, бұл дүниеден  
Отыз жеті жасында.

Қайғыға қайғы қосылды,  
Тасыған көңлім басылды.  
Артында қалған қос жетім,  
Апалап кімге асылды? —

деп «Сапар» атты ән де шығарады.

Сапар қайтыс болып, жасы алпыстан асқаннан кейін-ақ Жаяу Мұса бұрынғыдай ел аралауын да азайтып, бірыңғай үй шаруашылығымен ғана айналысады.

Әуелден мал жинамаған ол жасы ұлғайып қалған кезде кедейліктің зарадабын тартады. Осыған байланысты:

Жігітке кедейшілік бір сергелден,  
Жоқ болса жалғыз атың өлгенмен тең.  
Үйіңнен тату құрбың құр аттанса,  
Немене бұл дүниеден үміттенген.—

деп басталатын «Қоңыр» дейтін әнін шығарған көрінеді.

Тегінде Жаяу Мұсаның шығармалары кейбір кездейсоқ жағдайларда ғана емес, үнемі кезеңді бір

уақиғаларға жазылғандығы байқалады. Оның ішінде осы жинаққа кіріп отырған қырыққа жуық әндерінің көпшілігі ілгеріде айтылған өзінің ата жауы аға сұлтан Мұсамен арадағы талас-тартыстан туған. Мәселен: «Шорманға», «Бұзау жыры», «Арап батыр», «Боз торғай», «Сұрша қыз», «Гауһар қыз», «Кедейлер», «Ұлы тау», «Баян ауыл» сияқты бірсыпыра әндері осы айтылғандардың айғағы бола алады.

Айта кететін бір жай Жаяу Мұсаның кейбір әндерін әркім әртүрлі айтады. Мысалы, «Ақ сиса», «Аулау», «Көк аршын», «Құлбай бай», «Сапар» сияқты әндерін нотаға жаздырған Ақмолалық әнші — кешегі Қосымжан Бабақов мархұмның орындауынан Қарқаралы әншілері: Қуан Лекеров пен Жүсіпбек Елебековтың айтуларында біраз өзгешеліктері барлығы байқалады.

Осыған қарағанда, әр жердің әншілері өздерінің үйренуінше айтып кеткенге ұқсайды. Бірақ, бұл жинаққа сол әндердің түрлі варианттары беріліп отыр.

Ән мелодияларының өзгешеліктері сияқты оның өлеңдерінің сөздерінде де өзгерістер кездеседі. Мысалы «Ақ сиса» әнін біреулер:

Үш жүзге атым мәлім Жаяу Мұса,  
Жүрмейді кімдер жаяу зорлық қылса.  
Аттыдан жаяу жүріп кек аламын,  
Жігіттер, шамаң келсе маған ұса.—

десе, біреулер:

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,  
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.  
Шорманның Мұстафасы атымды алып,  
Атандым сол себептен Жаяу Мұса.—

деп айтып жүр. Сондай-ақ:

Дариға, іш. күйеді зорлығына,  
Сенді ғой мал басының молдығына.  
Қорқамын тағы дүре соға ма деп,  
Сонда да шыдамаймын қорлығына.—

дейтін өлеңі «Ақ сиса» әнінде де, «Хаулау» әнінде де айтылып келеді. Сондықтан бұл жинақта осы әндердің мазмұнына қарай сөздері де екшеліп алынды.

Ал, енді ән текстерінің ұқсастық жағына келсек, мынадай жайды көреміз:

Жаяу Мұсаның «Әндижан» дейтін әнінің 1-шумағында:

Ішуге осы жақтан шай таппадым,  
Қайтейін, шіркін көңіл, жай таппадың.  
Жұлдызға аспандағы қолым сермей,  
Торыдай жауыр болған қайқақтадым.—

дейтін төрт жол «Гауһар қыз» атты әнінде де айтылады. Ал, осы әндердің қайырмасындағы сөздер де өте ұқсас келеді. Міне бұл жағдайлардың бәрі де әнді орындаушылардың әуелде шала-шарпы үйренулері салдарынан туған кемшіліктер болуға тиіс.

Жаяу Мұса ән текстілерінен басқа да көптеген өлеңдер жазған көрінеді, оның 1880 жылдар қарсаңында жазған 60 беттей қолжазбасын Қазақ ССР Ғылым академиясының экспедициясы 1955 жылы Қазан университетінің архивінен тапқан. Бұл еңбектерін ол өзі Қазанға барып тұрған кезінде тапсырған болуы керек.

Сондай-ақ тағы да бірсыпыра өлеңдерін өзінің баласы Салық 1955 жылы Қазақстанның Ғылым академиясына әкеліп тапсырған болатын. Оның ішінде ақынның Қытай елінің болашағын болжағандай «Қытай еліне сәлем» дейтін өлеңі де бар.

Үстем таппен араларындағы өшпенділік өмір бойына созылған. Жаяу Мұса Октябрь таңы атқанын кейін-ақ белдескен ата жауынан аяусыз көгін алып, аңсаған арманына жетеді. Бұрынғы хан-сұлтандардан көрген қысастарың енді олардың өз алдарың келтіреді.

1928 жылы ел ішіндегі ірі байларды конфискациялап, мал-мүліктерін қазнаға алу жұмысына да басшылық етеді.

Күрескер композитор, дарынды әнші, жалынды жаршы Жаяу Мұса 1929 жылы 94 жасында, өзінің туып-өскен жерінде қайтыс болады.

Оның өзінен соңғы ұрпақтарына қалдырып кеткен музыкалық асыл мұралары осы күнге дейін ескірмей ел аузында айтылып келеді және айтыла да бермек.

М. Майчекін.

# АҚ СИСА

(I ТҮРІ)

Қ. Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Тайсалмай, жаны сүйсіне. Решительно и горячо. ♩ = 100



Ақ си - са қы - зыл си - са, си - са, си - са,



қал - май - ды кім - дер жа - яу зор - лық қыл - са.



Шор - ман - ның Мұс - та - па - сы а - тым - ды(а) - лып,




а - тан - дым сол се - беп - тен жа - яу Мұ - са, ай!



Ал! гек - кай - гик - кай гик - кай гик - кай гай



гі - гі - гай гау - гі - гі гау гі - гі гай - гай гай - гай



гі - гі - гау, гі - гі - гай, гай - гі - гі гау - гі - гі гай гай



Баяулата, замедляя.

гі - га - га - гі гау - гі - гі гау - гі - гі гай - га ай .

## АҚ СИСА

(I түрі)

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,  
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.  
Шорманның Мұстафасы атымды алып,  
Атандым сол себептен жаяу Мұса,

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,  
Жүрмейді кімдер жаяу зорлық қылса.  
Байлары Орыс-Қазақ қашқын дейді,  
Көрер ең қашқандықты күнім туса.

Үш жүзге атым мәлім жаяу Мұса,  
Жүрмейді кімдер жаяу зорлық қылса.  
Аттыдан жаяу жүріп кек аламын,  
Жігіттер, шамаң келсе, маған ұқса.




# АҚ СИСА

## (II ТҮРІ)

Қ. Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Қайраттана. Мужественно. ♩ = 100



Омбының келдім міне қаласына,  
Сәлем айт көп Қаржастың баласына.  
Шорманды кім өлтірді мен білмеймін,  
Сондықтан менен құнын аласы ма?

Поштаев бір Айдабол баласы едік,  
Екеуміз бір қыстауға талас едік.  
Жыртысын Шормановтың жыртамын деп,  
Салдың ғой аулымызға мұнша бүлік.

# КӨКАРШЫН (I ТҮРІ)

Ж.Елебековтің айтуы  
бойынша жазылған.

Еркін, ашық үнмен. Смело и ярко. ♩ = 116

*mf*  
Ал, көк - ар - шын ән ер - ке - сі  
бап - пен айт - са, ер жі - гіт не - бо - ла  
ды серт - тен қайт - са .  
*f*  
Ән бол - мас көк ар - шын - дай қай - да бар - саң ,  
*ff*  
Ән - бі - лем де - ген а - дам  
шы - нын айт - са . У - ри - дай, ай - дым  
*p*  
у - ри - дай ай - дым,  
у - ри - да - у ай - дым,  
у - ри - дай ай - дым ай - дым

## КӨКАРШЫН

Көкаршын ән еркесі баппен айтса,  
Ер жігіт не болады серттен қайтса.  
Ән болмас көкаршындай қайда барсан,  
Ән білем деген адам шынын айтса.

Көкаршын көңіліме қонған әнім,  
Сүйеді, сұлу әнді менің жаным.  
Айқайлап шырқағанда жүз құбылтып,  
Кетеді бойым балқып, қызып қаным.

# КӨКАРШЫН (II - ТҮРІ)

Қ. Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Жылдам . Быстро. ♩ = 120

Ал! Де - ген - де Жа - яу мұ - са,  
Дәу - ле - ті көп е - кен деп  
жа - яу мұ - са, жүр - мей - ді кім - дер жа - яу,  
қо - рық - пай - мын, ша - қыр - тып ом - ски - ге уа,  
шір - кін зор - лық қыл - са  
шір - кін ал - дыр - са - да  
шор - ма - ның мұс - та - па - сы а - тым - (ды)а - лып,  
а - тан - дым сол се - беп - тен жа - яу Мұ - са.  
ат - ты - дан жа - яу жү - ріп -  
кек а - ла - мын, - жі - гіт - тер ша - маң кел - се уа,

шір - кін ма : ған ұқ - са . У - рі - дай ай - дым ,  
у - ри - да ай - дым у - ри - да ай - дым ,  
у - ри - да ай - дым у - ри - да ай - дым  
а - и - да да - и - да еу !

Дегенде, Жаяу Мұса, Жаяу Мұса,  
Жүрмейді кімдер жаяу, зорлық қылса.  
Шорманның Мұстафасы атымды алып,  
Атандым сол себептен Жаяу Мұса.

Дәулеті көп екен деп қорықпаймын,  
Шақыртып Омскіге алдырса да.  
Аттыдан жаяу жүріп кек аламын,  
Жігіттер, шамаң келсе маған ұқса.

# ХАУЛАУ

(I-ТҮРІ)

Қ.Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Еркін, тайсалмай. Бодро, энергично. ♩ = 116

Жа - зы жау бұл дал - бы - ның  
қыс - та - ры жұт, е - лім - ді ұры  
ба - сы - нып, шір - кін - ай кет - ті ғой құт.  
Шу - ғай - ып, жү - ма - ғұл - мен  
қа - тар ұс - тап, ки - гіз - дің бас  
ба - сы на, шір - кін - ай өң - шең бар - құт,  
ау . хау - лау - лау - ли хау - лау - лау лім  
ха - ра - ра - у ри - ра - ра -  
ри - рай а - а - ай .

### ХАУЛАУ

Жазы жау бұл Далбының, қыстары жұт,  
Елімді ұры басынып кетті ғой құт.  
Шұғайып, Жұмағұлмен қатар ұстап,  
Қигіздің бас басына өңшең барқұт.

Мен міндім майда жал мен қаз мойыңды,  
Мекенім Баян тауы кейін қалды.  
Қорлыққа жас та болсам шыдай алмай,  
Өмірім Мұса менен дауға қалды.

Дариға, іш күйеді зорлығына,  
Сенді ғой мал-басының молдығына.  
Қорқамын тағы дүре соғама деп,  
Сонда да шыдамаймын қорлығына.

Жаныма батқандықтан ашынамын,  
Мен неге жаяумын деп басыламын.  
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,  
Зорлығын Мұстафаның паш қыламын.

# ХАУЛАУ

(II ТҮРІ)

С. Мусиннің айтуы  
бойынша жазылған.

Еркін, тайсалмай. Не спеша, выразительно. ♩ = 116

Жа - зы жау бұл дал - ба - ның қыс - та -  
Шү - ғай - ып, жұ ма - ғұл - мен қа - тар

ры жұт е - лім - ді ұ - ры ба -  
ұс - тап, ки - гіз - дің бас, ба -

сы - нып шір - кін ай, кет - ті  
сы - на, шір - кін ай, өң - шең

ғой - құт ай - хау - лау - лау лем, лау -  
бар - құт ой -

- ла - ла - лем. о - ой - хау, о - ой - хау

о - ой, а - ай.



## ХАУЛАУ

Жазы жау бұл Далбының, қыстары жұт,  
Елімді ұры басынып кетті ғой құт.  
Шұғайып, Жұмағұлмен қатар ұстап,  
Кигіздің бас басына өңшең барқұт.

Мен міндім майда жал мен қаз мойыңды,  
Мекенім Баян тауы кейін қалды.  
Қорлыққа жас та болсам шыдай алмай,  
Өмірім Мұса менен дауға қалды.

Дариға, іш күйеді зорлығына,  
Сенді ғой мал-басының молдығына.  
Қорқамын тағы дүре соғама деп,  
Сонда да шыдамаймын қорлығына.

Жаныма батқандықтан ашынамын,  
Мен неге жаяуым деп басыламын.  
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,  
Зорлығын Мұстафаның паш қыламын.

# САПАР

(I ТҮРІ)

Қ. Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Толқындата. Взволнованно.  $\text{♩} = 100$

Кел - дім Са - пар ба - сы - ңа,  
жал - ғыз Са - лық қа - сым - да.  
Кет - тің Са - пар бұл дү - ние - ден  
ай - хай - хай ай, о - тыз же - ті  
Жылдам. Быстро.  
жа - сың - да хай - ра - ра - ра - ра - ра  
хай - ра - ра о - ха - еу  
ха - ра - ра - ра, рай - ра, рай - ра ри - ра - ра - у  
Баяулата. Замедляя.  
ри - ра ри - ра ри - ра и и

## САПАР

Келдім, Сапар басыңа,  
Жалғыз Салық қасымда.  
Кеттің, Сапар, бұл дүниеден,  
Отыз жеті жасыңда.

Қайғыға қайғы қосылды,  
Тасыған көңлім басылды:  
Артыңда қалған қос жетім  
Апалап кімге асылды.

# САПАР (II ТҮРІ)

*С. Мусинның айтуы  
бойынша жазылған.*

Толқындата . Взволнованно.  $\text{♩} = 100$

Жал - ғыз Са - лық, нә - сі - лің, тау - сыл -  
ды міне нә - сі - бің. Сә - лем ай - тып қал -  
ды жы - лап, ай - қай - ай, ө - зіңнен ту - ған  
а - сы - лың, ө - зіңнен ту - ған а - сы - лың  
Ай - ла - ла, ай - ла - ла, ай - ла - ла  
а - ай, а - ай, а - ай  
а - ай а - ай!

## САПАР

Жалғыз салық нәсілінің,  
Таусылды міне нәсібің.  
Сәлем айтып қалды жылап,  
Өзіңнен туған асылың.

Сәлем айтты, ол онда,  
Топырақ сынды бұл халда.  
Қара шымды жамылып,  
Жатқаның мынау зынданда.

Қайғысы маған тым батты,  
Ауырып Сапар көп жатты.  
Білген екен өлерінде,  
Жылама, қалқам, деп жатты.

# СҰРШАҚЫЗ

Қ.Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Қайратпен . Кең үнмен . Мужественно . Широко. ♩ = 84

Қа - ра жер кей - де қар - лы кей - де қар - сыз, ер -  
- жі - гіт кей - де мал - ды кей - де мал - сыз.  
Сең соқ - кан да - ри - я - ның тол - қын - нын - дай, көз сал - ған көр  
ін - ген - ге кө - ңіл ар - сыз ай!  
тезірек . живее.  
Ас - пан - да шыр - қар боз - тор - ғай  
шір - кін ән - нің бұл - бұл ай, а - хау ой  
Сұр - ша - қыз ен - ді е - сен бол.  
Хай ліл - ля лі - ля ліл - ля, ха лі - лі - лі - ля  
хай лі - лі - лі - льяй, лі - лі - ля, и - лі - ля, и - лі - ля, ей!

### СҮРША ҚЫЗ

Қара жер кейде қарлы, кейде қарсыз.  
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз,  
Сең соққан дарияның толқынындай  
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз.

#### Қ а й ы р м а с ы:

Аспанда шырқар бозторғай,  
Шіркін, әннің бұлбұлы-ай.  
Ахау, ой Сұрша қыз,  
Енді есен бол.

Басынан қара таудың құлағаным,  
Кекілін кербестінің сылағаным,  
Түскенде сен есіме, беу қарағым,  
Құшақтап мамық жастық жылағаным.

#### Қ а й ы р м а с ы.

Неше жыл жүрсем дағы мен айдауда,  
Шыдаймын, қажымаймын денім сауда.  
Дәм жазып осы жолдан аман қайтсам,  
Сұрша қыз, көрісерміз Баян тауда.

#### Қ а й ы р м а с ы.

# ГАУҒАР ҚЫЗ

ӘНДІЖАН. (I ТҮРІ)

*С. Мусиннің айтуы бойынша жазылған.*

Сабырмен. Не спеша. ♩ = 80

Қа - ра - ғым ай - на - лай - ын а - сыл ту - ған  
сор - л(ы)ә - кең жа - яу жү - ріп за - кон  
қу - ған Мұ - са мен қа - ғаз да - сып жүр -  
ге - нім - де  
са - дық жан ай - на - лай - ын сон - да ту -  
ған . О , әл - ді жан , бәл - ді -  
жан де - нем сүм - ген хұс - ни  
жан а - хау , гау - ғар қыз , ал -  
те мой - ын қо - қыр қа - зым .